



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамыту және жетілдіру тұжырымдамасын мақұлдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1617

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік өртке қарсы қызметін дамыту және жетілдіру тұжырымдамасы мақұлданын.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 27 қазандағы
N 1617 қаулысымен
мақұлданған

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі
агенттігінің 2001-2005 жылдарға арналған Мемлекеттік өртке
қарсы қызметін дамыту және жетілдіру тұжырымдамасы

1. Кіріспе

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісі өте қиын жағдайда. Республикада болған өрттің жалпы саны, жолдағы көлік оқиғаларын қоса алғанда, барлық табиғи және техногендік төтенше авариялар санының жартысынан астамын құрайды, ал материалдық шығын олардың сексен пайыздан астамын құрайды.

"Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөнінде

Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық және жергілікті атқарушы органдар қолданған шаралар өрт жағдайын белгілі бір дәрежеде тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметтері бойынша соңғы онжылдықтарда дүние жүзінің іс жүзінде, барлық аймақтарында өрттің, дүлей зілзалалардың және олар келтірген зиянның саны тұрақты өсуі атап өтілді, мұның өзі, Қазақстанды да айналып өте алмайды.

Тұрғын үйлерде, электр және газ шаруашылықтарын пайдалануда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау жөніндегі мемлекеттік органдарды қысқарту, құрамында өндірістік-технологиялық жанар-жағар майдың, жарылғыш, қатты әсер ететін улы және радиоактивті заттардың едәуір қоры бар өндірістік-технологиялық кешендердің көп болуы, сондай-ақ ескірген технологиялар мен жабдықтарды пайдалану тұрғын үйлерде, кәсіпорындарда және ұйымдарда төтенше жағдайлар мен апаттардың туындауы ықтимал қауіпке жағдай жасайды.

Ескірген технологиялар мен өндірістік жабдықтарды пайдаланатын мемлекеттерде зардабы ауыр өрт, авария және апаттар туындау ықтималдығы едәуір артады, олардың қатарына, өкінішке орай, Қазақстан да жатады.

Мамандардың бағалауы бойынша, өрттен кейін зардап шеккен кәсіпорындардың 29 пайызы 3 жылдан кейін жабылады, 43 пайызы одан кейін мүлдем ашылмайды және тек 28 пайызы ғана өрттен кейін де жұмыс істей береді.

Республикада өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешу үшін өрттер мен олардың зиянын болдырмауға бағытталған экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, ғылыми-техникалық және құқықтық шараларды біртұтас қабылдау қажет.

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде өртті жою, құтқару және басқа да шұғыл жұмыстар жүргізу үшін Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің құрамында 339 аудандық, қалалық өрт сөндіру бөлімдері, олар 1,5 мыңға жуық негізгі және арнайы өрт сөндіру техникасымен жабдықталған, оның ішінде арнайы техникамен жабдықталған және жергілікті атқарушы органдардың инженерлік және коммуналдық қызметтерінің негізгі күштері мен құралдары келіп жеткенше адамдарды құтқаруды және әртүрлі аварияларды жоюды жүргізуге қабілетті 21 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бар. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет өрт болуы және өрт қауіпсіздігі ережелерінің бұзылғандығы туралы істер бойынша анықтауды жүргізетін орган болып табылады, оның құрылымына арнаулы қадағалау органы - мемлекеттік өртті қадағалау органы кіреді.

Халықты, шаруашылық жүргізетін объектілерді және елдің аумағын соғыс және бейбіт уақытта туындаған төтенше жағдайлардан және оның қаупінен қорғау мақсатында Мемлекеттік өртке қарсы қызмет жүйесінде жалпы саны 10 мың бірліктен астам қосымша арнайы құралымдар құрылады.

Сонымен бірге, қазіргі қолда бар күштер мен құралдар өрт қауіпсіздігі, өрттерді

жою саласында профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру, бірінші кезектегі авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізу, зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету үшін жеткіліксіз.

Қазіргі уақытта, Қазақстанда өрт нағыз ұлттық апатқа айналды, алайда, шығындар ауқымын халық және көптеген мемлекеттік құрылымдар әрдайым түсіне бермейді. Өртке қарсы қызметтің қабылдаған шараларына қарамастан, 1999 жылы 16 мың өрт болды, оның келтірген зияны 2,9 миллиард теңгені құрады. Өрт кезінде 579 адам қаза тапты, 490 адам жарақат алды. Өрттен келген залал өсімінің орташа жылдық қарқыны орта есеппен 5-7 пайызға өсуде (бірінші жартыжылдықта өрт саны 9 пайызға өсті), әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың қарқынына едәуір кері әсерін тигізді. Мамандардың бағалауы бойынша 2000 жылы өрттен келетін шығын 3 миллиардтан астам теңге құрауы мүмкін, (инфляция процестерін есепке алмағанда), өрттен зардап шеккендердің саны 800 адамнан асады, жарақат алғандар - 600 адамнан асады. Таяудағы 3 жыл ішінде өрттің саны екі есе, ал материалдық шығын шамамен - 4 есе өсуі мүмкін. Мұның өзі, көбінесе, апат сипатында болып келетін едәуір экологиялық зиянды (ормандағы, мұнай және газ кен орындарындағы, химиялық кәсіпорындардағы, электр станцияларындағы өрттерден және т.б.) ескермегенде.

Қазақстандағы өрттің келтірген салыстырмалы шығын деңгейі ТМД елдерінің ішіндегі салыстырмалы көрсеткіштердің ең жоғарыларының бірі (адамдардың қайтыс болуы мен жарақаттануы шығындарын ескермегенде), Украинамен салыстырғанда - 1,5 есе, Қырғызстанмен - 2 есе, Белоруссия және Өзбекстанмен - 3 есе асып кетеді.

Қазақстан Республикасындағы өртке байланысты қалыптасқан жағдай ондаған жылдар бойы жинақталған және өзінің шешімін таппаған экономикалық, әлеуметтік, нормативтік-құқықтық, қаржылық және материалдық-техникалық сипаттағы проблемалар кешенінен туындады.

Өртке қарсы қызметтің дайындығын қолдауда қабылданған шаралар, онсыз да әлсіз өрттен қорғаудың қазіргі әлеуетін қирату жөніндегі кері тенденцияларды тоқтатуға мүмкіндік бермейді.

Жекелеген жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар мен кәсіпорындардың өрт сөндіру қызметін қысқарту немесе оны ұстаудан бас тарту есебінен қаржылық қаражатты үнемдеуге ұмтылысы артуда, мұның өзі, өртке қарсы күрес проблемасын таяу уақытта, одан әрі шиеленістіруі мүмкін. Колхоздар мен совхоздардың қайта ұйымдастырылуына, ұйымдар мен кәсіпорындардың меншік нысанының өзгеруіне байланысты ерікті өрт сөндіру жасақтары мен өрт сөндіру-техникалық комиссиялары, іс жүзінде жойылды, мұның өзі, олардың өрттен қорғана алмауына әкеп соқты.

Жаңа тұрғын үй заңнамасының қабылдануына байланысты, азаматтардың өздерінің тұрғын үйлерін өрт қауіпсіздігі жағдайында ұстау жөнінде тиісті шаралар қолдануға шамасы жетпейді, сонымен бір мезгілде сақтандыру органдары, сақтандырудың мейлінше жоғары рентабельдігіне қарамастан, тұрғын үй қорын ғана емес және

кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің негізгі қорларын өрттен сақтандырумен айналыспайды, ал объектілердің басшылары мен азаматтар оның келешегін түсінбейді.

Халықтың басым көпшілігі өрттің нақты қаупі, өртке қарсы насихат жүргізу жөнінде шаралар жүйесі туралы анық түсініктері жоқ. Нәтижесінде, азаматтардың көпшілігі үшін өрт болуының ықтималдығы мардымсыз оқиға сияқты болып көрінеді, өртке қарсы талаптар еленбейді және өрттің шығуына, көбінесе адам факторы деп аталатынның себептерінен болып жатады.

Өртке қарсы қызметті ресурстық жағынан қамтамасыз етуді шектеу өрт сөндіру ісінде, сондай-ақ соларға байланысты авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуде дағдарысты жағдайға әкеп соқтырды, жедел өрт сөндіру бөлімшелерінің әскери дайындығының өсуі тежелуде. Өрт сөндіруге қажетті техникалық құралдардың тиісті өндірістердің Қазақстанда болмауынан, құны жоғары көптеген өнім түрлерінің 10-15 пайызы ғана қанағаттандырылады, өртке қарсы қызмет объектінің 30 пайызына дейін күрделі жөндеуді қажет етеді, өрт сөндіру техникасының 56 пайызы есептен шығаруды және жаңартуды қажет етеді, авариялық құтқару жұмыстарын жүргізу үшін қажетті арнайы техника, мүлде іс жүзінде жоқ. Қазақстандағы өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің қолда бар саны өрттен сақтандыру және оны сөндіру жөнінде тиімді жұмыспен қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, өрттің 60 пайызы болатын ауылдық жерлерде, іс жүзінде, Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жұмыс істеуге қабілетті б о л і м ш е л е р і ж о қ .

Қазақстандағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінің дағдарысты жағдайына және өртке қарсы күресті ұйымдастыру ісінде келеңсіз тенденциялардың бел алуына қарамастан, проблемалардың бүкіл кешенін мемлекеттік деңгейде қарау жүргізілмеген.

2. Мақсаттары мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты адамдардың өмірі мен денсаулығын, меншігін, ұлттық байлықты және өрт қауіпсіздігі саласында қоршаған ортаны қорғау, ұйымдар мен адамдардың қызметіндегі қатер деңгейін анықтау, өрттің алдын алу және оны жою шараларына үйрету жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін жетілдіру және төтенше жағдайларда өртті уақытылы және тиімді сөндіру жөніндегі Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің тұрақты дайындығын қамтамасыз ету және қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешу көзделеді:

- өрт қауіпсіздігі саласындағы бірыңғай саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі қызметін үйлестіруге қатысу, олардың өрт қауіпсіздігі саласындағы нормативтік құқықтық кесімдерді орындауын бақылау;
- кадр әлеуетін нығайту, өрт сөндірушілердің құқығын қорғауды қамтамасыз ету (

кәсіби іріктеу жөнінде стандарттар жүйелерін және құралдарын жасау, жинақтаудың баламалы нысандарын енгізу және т.с.с.);

- өртке қарсы қызметтің материалдық-техникалық базасын дамыту (сериямен шығарылатын өртке қарсы өнімдерді шығару және сатып алу және т.с.с.);

- өрттен зардап шеккендерді әлеуметтік қорғау жағдайларын жақсарту, өрт кезінде азаматтардың өлімін және жарақаттануын төмендету жөніндегі шаралармен қамтамасыз ету (өтемақы төлеу, міндетті сақтандыру);

- аймақтық-құтқару отрядтарының және мамандандырылған бөлімдердің желісін қ ұ р у ж ә н е д а м ы т у ;

- өртке қарсы қызметтің ұйымдық құрылымын жетілдіру (жаңа функцияларға с ә й к е с қ а й т а қ ұ р у) .

3 . Ж а ғ д а й д ы с и п а т т а у

Әлемнің дамыған елдерінен өзгешілігі, Қазақстан Республикасында, қазіргі уақытта , өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы қарым-қатынасты реттейтін құқықтық б а з а , е н д і ғ а н а , қ а л ы п т а с у д а .

Бұл саладағы қазіргі нормативтік құқықтық кесімдер шашыраңқы, "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне жауап бермейді, көптеген талаптарына қайшы келеді, өрт қауіпсіздігі мәселелерін, сондай-ақ Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің, салалық өртке қарсы қызметтің өзара қарым-қатынасын, олардың орталық және жергілікті атқарушы органдармен, жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайлардағы меншік иелерімен құқықтық қарым-қатынастар реттейтін тетігі ескірген .

МӨҚҚ органдарының, оның функцияларының артуына, қызмет көрсету аймағына қосымша объектілердің қосылуына, елді мекендердің шекараларының кеңеюіне байланысты жұмыс көлемі де өсуде .

Тұрғын үй секторы бір бөлігінің қайта жаңартылып, өнеркәсіптік, қойма кәсіпорындарына, дүкендерге, кеңселерге қайта жабдықталуы, жаңа өнеркәсіптік кәсіпорындардың, оның ішінде, шалғай аудандарда, салынуы, жұмыс істеп тұрған к ә с і п о р ы н д а р д ы ң к е ң е й т і л у і .

Өндірістік аймақтарда профилактикалық жұмыстың, білімнің насихатталуы, халық пен мамандарды өрт қауіпсіздігі шараларына үйрету, ғылыми-зерттеу қызметінің, лицензиялау мен сертификаттаудың тиімсіз жүргізілуі.

Өртті, өрт-жарылу қаупі бар кәсіпорындарды және олар пайдаланатын қауіпті химиялық өндірістер мен технологиялар, заттар мен материалдарды есепке алу жөніндегі арнайы ақпараттық жүйелер мен деректер банкінің болмауы.

Өртке, сондай-ақ, оның қоғамдық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстардағы зардаптарына қарсы күрестің неғұрлым тиімді құралдары ретінде өртті анықтау мен

сөндірудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу жағдайы ауыр күйінде қалуда. Көрсетілген жүйелер үшін элементтер мен жабдықтарды шығаратын негізгі кәсіпорындар Украина, Белоруссия, Ресей мен Латвияда орналасқан. Қазіргі уақытта қалыптасқан экономикалық жағдайға байланысты, Қазақстанның шаруашылық жүргізуші объектілерінің қажеттілігін бұл кәсіпорындардың өндірістік қуаты қанағаттандыра алмайды, осыған байланысты, шет елдерден жабдық сатып алу үшін мемлекет едәуір валюталық қаражат жұмсауда, көптеген жағдайда, сатып алынған жабдықтар пайдаланудың белгіленген нормативіне сай келмейді. Сондықтан да, қазіргі техникалық деңгейге сай келетін отандық жабдықтар мен жүйелердің сериялық өндірісін игеру қажеттілігі пісіп жетілді. Одан басқа, қысқа мерзім ішінде олардың деңгейі еуропалық және американдық стандарттарға сай келетін бірқатар мемлекеттік нормативтік құжаттар жасау қажет.

Өртке қарсы қызмет қазіргі заманғы ғимараттар мен тұрғын үйлерде, өнеркәсіп объектілерінде, әкімшілік, сондай-ақ, көпқабатты үйлерде өртпен нәтижелі күресуге мүмкіндік беретін сапалы жаңа техникалық құралдармен жабдықталмаған, атап айтқанда:

- тез жанатын және жағармай сұйықтарын, сондай-ақ, сұйытылған көмірсутекті газдарды сақтайтын сыйымдылығы мол резервуарлары бар өрт сөндіретін техникалық құралдар;

- негізгі және арнайы мақсаттағы, қазіргі заманғы шассиді тірек ететін жаңа өрт сөндіретін автомобильдер;

- тұрғын үй секторында өртті тиімді сөндіруге жабдықталған өрт сөндіретін техникалық құралдар;

- экологиялық зияны жоқ өрт сөндіретін қоспалар;

- адамдарды құтқаратын және эвакуациялайтын қазіргі заманғы құралдар.

Қазақстанның облыс орталықтарында Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің жедел хабарлау жүйесіне біріккен, есептеуші техниканың жергілікті желілері базасында автоматтандырылған жүйелер мен өртке қарсы қызметті жедел басқаруды дамыту және енгізуді қамтамасыз ету қажет, мұның өзі, жедел ден қою уақытын өрт туралы әрбір хабарламадан 1,5-2 минутқа қысқартуға мүмкіндік береді, өрт шығынын 9 пайызға дейін азайтады, өртті сөндіру кезінде және бірінші кезектегі авариялық құтқару жұмыстарын жүргізуде өрт сөндіру басшысын қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, өрт сөндірудің байланыс жүйелерін елді мекендер мен кәсіпорындардың тіршілігін қамтамасыз ететін ақпараттық қолдау жүйелерімен қосады.

Шет елдерде 50 мыңнан асатын халқы бар барлық қалаларда, жедел ден қоятын бөлімшелердің уақытын 30-40 пайызға қысқартатын осындай автоматтандырылған жүйелер бар.

Қазақстан Республикасында өртке қарсы қызметке ведомстволық бағынышты 375-ке жуық объект бар немесе норма бойынша талап етілетіннің 56 пайызы, оның 10

пайызы (38) толық амортизацияланғандықтан, одан әрі пайдалануға жарамайды. Одан басқа, өрт сөндіру депо құрылысының қарқынын қалалардағы азаматтық және өнеркәсіп құрылысының қарқынынан едәуір артта қалуда және

қорыта келгенде көптеген қалалардағы өрт сөндіру депосының қызмет көрсету радиусы нормативтен 3-5 есе жоғары, мұның өзі өрт кезінде адамдардың ықтимал жарақат алуы мен қайтыс болуы, өрттің келтірген шығынының өсуіне әкеп соғады. Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін әртүрлі мақсаттағы 290-ға жуық объект салуды талап етіледі.

4. Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі іс-шаралар

Анықталған проблемаларды шешу үшін:

- Мемлекеттік өртке қарсы қызметті дамыту және жетілдіру салалық бағдарламасын әзірлеуді;

- өрт қауіпсіздігі жөніндегі заңнамаға талдау жүргізу және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындауды;

- орталық атқарушы органдармен бірлесіп өрт қауіпсіздігі жөнінде келісімдер әзірлеуді;

- орталық және жергілікті атқарушы органдардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы жұмысын үйлестіру жөніндегі қызметті жандандыруды;

- өрт қауіпсіздігі саласында ғылыми-зерттеу қызметін дамыту, білімді насихаттау, азаматтар мен мамандарды оқыту, заттар мен материалдарға сертификациялық сынау жүргізу жөніндегі шараларды қабылдауды;

- өрттің алдын алу жөніндегі мемлекеттік өртті қадағалау органдарының және өрт туындауы себебін анықтау бойынша тергеуді жүргізетін органдардың қызметін;

- өрт сөндіру қызметтерін ұйымдастыруды және авария және құтқару жұмыстарын жүргізуді жетілдіруді;

- кадрларды даярлау, қайта даярлау кәсіптік шеберлігін және жұмысқа жарамдылығын арттыру жөніндегі шаралар кешенін қабылдауды жүзеге асыру қажет.

5. Қорытынды

Тұжырымдамада белгіленген іс-шараларды орындауға инвестициялар уақытылы жүзеге асырылған жағдайда 2005 жылға дейінгі кезеңде көптеген дамыған елдерге тән өртпен күресудің нәтижелеріне қол жеткізіп, өрттің шығынын 20-30 пайызға қысқарту, өрт кезінде адамдардың қаза болуы мен жарақаттануын азайтуға, өрт қауіпсіздігінің тиімді жүйесін құруды және өртке қарсы қызметтің жұмыс істеуі үшін қажетті материалдық-техникалық база құруды қамтамасыз ету мүмкін болады.

Бұдан басқа, тұжырымдамада көзделген іс-шараларды іске асыру:

- өрт қауіпсіздігі саласындағы экономикалық, әлеуметтік, ұйымдастырушылық, ғылыми-техникалық және құқықтық сипаттағы мәселелерді шешуге;
- адамдардың денсаулығын, меншігін, ұлттық байлықты және қоршаған ортаны өрттен қорғау жөніндегі шараларды арттыруға;
- өрттен болатын адамдар өлімін және жарақатын, сондай-ақ, тікелей және жанама шығынды төмендетуге қол жеткізуге;
- азаматтар мен ұйымдардың қызметіндегі қатер деңгейін айқындау, өрт қауіпсіздігі саласындағы алдын алу шаралары мен профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға азаматтарды оқытуға;
- орталық және жергілікті атқарушы органдардың өрт қауіпсіздігі саласындағы қызметін үйлестіруді күшейтуге;
- құқықтық қайшылықтарды шешу және өрт қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік реттеудің кешенді жүйесін құруға;
- бірінші кезектегі өртке қарсы және авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуді және зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге арналған қазіргі заманғы құралдармен жабдықталған авариялық-құтқару отрядтарының мамандырылған бөлімшелерінің аймақтық желілерін көбейтуге;
- өрт сөндіретін арнайы өртке қарсы қызмет бөлімінің құрамында арнайы

өрт сөндіру және авариялық-құтқару техникасымен, соның ішінде, автомобильдермен жабдықталған жедел ден қою бөлімшелерін құруға, құралдармен (көбік жинағыш, қатты-аэрозольды және су-аэрозольды өрт сөндіргіштерімен, қазіргі заманғы арнайы құралдарымен) жабдықтауға;

- жедел ден қою және жедел байланыс жүйелерімен жабдықтау және қолданудың тактикалық тәсілдері мен нормативтерін әзірлеу және енгізу әрі қолдануға мүмкіндік береді.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Омарбекова А.Т.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК